

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

"Өнер" бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңес- Оқу – әдістемелік бірлестік № 2 отырысын ХАТТАМАСЫ

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 04 ақпан , сағат 11.00 (Астана қ.)

Өткізу форматы: Zoom платформасында онлайн

Конференцияға қосылу:

Конференция идентификаторы: 670 635 6048

Коды: 2022

Төраға: «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, оқу және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор Ш.Қ. Ергөбек

Хатшы: «Өнер» бағыты бойынша РОӘК ОӘБ хатшысы Г.Б. Гизатова

Қатысқандар: тізім бойынша

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2026 жылға арналған «Өнер» даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер басылымдарының тақырыптық жоспарын бекіту

Баяндамашы:

Гизатова Гүлнара Бисенғалиевна – «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ-тың ғылыми хатшысы

2. Қазақстан Республикасының бейнелеу өнері саласында үздіксіз кәсіби білім берудің институционалдық, әдіснамалық және кадрлық мәселелері

Баяндамашылар:

1) Мамырбаева Зара Қартанғалиевна – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы колледжінің «Кескіндеме, мүсін, графика» пәндік-циклдік комиссиясының төрайымы;

2) Бодиков Сейфулла – Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, НААР/IAAR сарапшысы;

3) Батурина Ольга Владимировна – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры, өнертану кандидаты;

4) Кобжанова Светлана Жұмасұлтановна – Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейінің ғылыми жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары, өнертану кандидаты;

5) Еспенова Айгерім Тұрсынқызы – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD).

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандартына (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Баяндамашы:

Кудышева Айнаш Амангельдыевна – Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.

4. «Өнер» бағыты бойынша оқу басылымдарына РОӘБ ОӘБ грифін беру туралы.

Баяндамашы:

Гизатова Гульнара Бисенғалиевна – «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ-тың ғылыми хатшысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша: 2026 жылға арналған «Өнер» даярлау бағыты бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттер басылымдарының тақырыптық жоспарын бекіту

Баяндамашы:

Гизатова Гульнара Бисенғалиевна

(Презентация қосымша беріледі)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. *Гизатова Гульнара Бисенғалиевнаның* баяндамасын назарға алу.

2. 2026 жылға арналған «Өнер» кадрлар даярлау бағыты бойынша оқу әдебиеттерін басып шығару жөніндегі тақырыптық жоспар бекітілсін.

3. Жоғары оқу орындары оқу әдебиеттерін баспаға «Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру үшін оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қойылатын бірыңғай талаптар туралы ережеге» сәйкес дайындасын.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қолдаймын - бірауыздан, қарсы- жоқ, қалыс қалды - жоқ

Екінші сұрақ бойынша: Қазақстан Республикасының бейнелеу өнері саласында үздіксіз кәсіби білім берудің институционалдық, әдіснамалық және кадрлық мәселелері

Баяндамашылар:

Мамырбаева Зара Қартанғалиевна, Бодиков Сейфулла, Батурина Ольга Владимировна, Кобжанова Светлана Жұмасұлтановна, Еспенова Айгерім Тұрсынқызы.

(Презентациялар қосымша берілді)

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Мамырбаева Зара Қартанғалиевна, Бодиков Сейфулла, Батурина Ольга Владимировна, Кобжанова Светлана Жұмасұлтановна, Еспенова Айгерім Тұрсынқызының баяндамаларын назарға алу.

2. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының мектеп және колледж басшылығына көркемдік білім беру саласындағы сыртқы білім беру платформаларымен ықпалдасуды қамтамасыз ету мақсатында:

- жетекші педагогтердің шетелдің алдыңғы қатарлы көркемөнер мектептері мен колледждерінде тағылымдамадан өту жоспарын әзірлеу (мерзімі – 31.03.2026);

- білім алушылардың халықаралық алмасуларға және кәсіби фестивальдер мен конкурстарға қатысуын дамыту жоспарын әзірлеу (мерзімі – 31.03.2026);

- «Білім берудің әртүрлі деңгейлерінде шығармашылық қабілеттер мен оқу нәтижелерін бағалау стандарттарын» әзірлеу мақсатында мектеп, колледж педагогтері мен Академияның профессор-оқытушылар құрамынан жұмыс тобын құру (мерзімі – 30.04.2026).

Оң тәжірибе республикалық деңгейде таратылсын.

3. «Бейнелеу өнері» бағыты бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына білім беру бағдарламаларының сапалы өсуі мен одан әрі дамуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде:

- оқу үдерісіне заманауи білім беру технологияларын енгізу;

- этномәдени тақырыптарды кіріктіруді жүзеге асыру;

- әлемнің жетекші ұйымдарымен халықаралық байланыстарды дамыту;

- материалдық-техникалық базаны жоғары сапалы материалдармен нығайту.

4. «Кескіндеме, мүсін және дизайн» және «Өнертану» факультеттерінің академиялық сапа жөніндегі кеңестеріне «Өнер тарихы» пәнінің көркемдік білім беру жүйесіндегі орны мен рөлін айқындау мақсатында білім беру бағдарламаларына талдау жүргізу тапсырылсын. Бұл пән кәсіби суретшінің дүниетанымдық, мәдени және кәсіби негізін қалыптастыратын іргелі теориялық пәндердің бірі болып табылады (мерзімі – 28.02.2026).

5. «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің академиялық сапа жөніндегі кеңесіне жұмыс берушілермен бірлесіп «Суретші-реставратор» бакалавриат білім беру бағдарламасының жобасын әзірлеу тапсырылсын (мерзімі – 20.04.2026).

6. Жоғары кәсіби стандарттарды қалыптастыру, дәстүр сабақтастығын сақтау және жас авторлардың шығармашылық ізденістерінің өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында түлектердің дипломдық жұмыстарын рецензиялау үдерісіндегі өнертанушылардың рөлін күшейту қажет. Өнертанушы-рецензенттердің түлектерді қорытынды бағалауға қатысуы болашақ көркемдік үдеріске ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қолдаймын - бірауыздан, қарсы- жоқ, қалыс қалды - жоқ

Үшінші сұрақ бойынша: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген

«Педагог» кәсіби стандартына (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Баяндамашы:

Кудышева Айнаш Амангельдыевна
(Презентация қосымша беріледі).

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. *Кудышева Айнаш Амангельдыевнаның* баяндамасын назарға алу.
2. Кәсіп картасының 12-картасына, 4-кәсіп бойынша: «Білім беру саласындағы оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы» (СБШ деңгейі 8, 8.2 кіші деңгейі) толықтыру енгізілсін.
3. Келісілген 12-кәсіп картасының жобасы: «Білім беру саласындағы оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы» (СБШ деңгейі 8, 8.2 кіші деңгейі) бекітудің белгіленген рәсімінен өткізу (бұйрық, Салалық кәсіби біліктілік кеңесінің хаттамасы), тізілімге енгізу және қолданысқа енгізу үшін уәкілетті органға жолдансын.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қолдаймын - бірауыздан, қарсы- жоқ, қалыс қалды -жоқ

Төртінші сұрақ бойынша: «Өнер» бағыты бойынша оқу басылымдарына РОӘБ ОӘБ грифін беру туралы.

Баяндамашы:

Гизатова Гульнара Бисенгалиевна
(Презентация қосымша беріледі).

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. *Гизатова Гульнара Бисенгалиевна* ның баяндамасын назарға алу.
2. ОӘБ РОӘК грифін оқу басылымына беру туралы ұсыныс: қазақ, орыс тілдерінде жазылған - 1 том (Брайль қарпінде) «Міндетті фортепиано» пәні бойынша 6В02120 Вокалдық өнер білім беру бағдарламасында оқитын білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік құрал/ «Учебно-методическое пособие по обязательному фортепиано для ОП 6В02120 Вокальное искусство» 1 том (на шрифте Брайля) атты оқу-әдістемелік құралы. Авторлары: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Вокалдық өнер» кафедрасының доценті И.В. Олексенко және «Арнайы фортепиано» кафедрасының аға оқытушысы М.Я. Сепп.
3. «Өнер» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу-әдістемелік құралы ретінде пайдалануға ұсынылады. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасындағы Оқу-әдістемелік бірлестік мәжілісінің 04.02.2026 ж. № 2 хаттамасы.
4. ОӘБ РОӘК грифін оқу басылымына беру туралы ұсыныс: «Работа режиссёра с актёром и не актёром» (учебное пособие, язык русский,

казахский) атты оқу құралы. Авторы: Болат Нургалиевич Калымбетов, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының доценті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

«Өнер» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасындағы Оқу-әдістемелік бірлестік мәжілісінің 04.02.2026 ж. № 2 хаттамасы.

ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қолдаймын - бірауыздан, қарсы- жоқ, қалыс қалды -жоқ

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ төрағасының
орынбасары, оқу және
оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор**



Ергөбек Ш.Қ.

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ хатшы**



Гизатова Г.Б.